


# Архив - асыл қазына

«Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. «Электронды үкімет» платформасына жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу қажет. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндетінің бірі».

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауынан.

Қостанай облыстық мемлекеттік архивінің филиалы «Арқалық өңірлік архиві» құжаттарды сандық жүйеге көшіруде ілкімділік танытуда. Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын іріктеу, құндылығын сақтау басты назарға алынған. Ведомстволық архивтердің жұмысын ұйымдастыру, әдістемелік басшылық жасау және бақылау бойынша 49 мекеменің ведомстволық құжаттарының жиынтық паспорттары жасалып, нормативтік – әдістемелік құжаттарды дайындауда тәжірибелік көмек көрсетілді.

Архив ісі саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне архив мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы құжаттарды электрондық түрге айналдыруға, оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге және электрондық архивті басқаруға мүмкіндік береді.



Болашақта бағдарламаға сай құжаттардың бәрін сандық жүйеге енгіземіз. Мұның бәрі архив деректерінің халыққа қолжетімді болуы үшін жасалып жатқан жұмыс.

Бұл жұмыс үкіметтің, облыс әкімінің бақылауында. Ай сайын істеген жұмыстарымыз жөнінде есеп беріп отырамыз.

Архивімізде құжаттар өте көп сақталған. Құжаттардың көптігі жөнінен облыс архивінен кейін екінші орынды еншілейміз. Облыстың берген жоспарларын орындап жатырмыз. Кейінгі кезде мекемелеріміз құжаттарын сандық жүйеге енгізіп, талапқа сай жұмыс істеуде.

Бұл архив құжаттары толық емес архивке жатады. Себебі, сонау 90 –шы жыл-

отыр. Өткен тарихсыз болашақ жоқ екенін ел түсінді. Тарихқа қарап, келешегімізді түзеуіміз керек. Ол дегеніміз ауызша айтылғандарға сенуге болмайды. Кез келген істі дәлелдеу үшін архивтегі құжаттарға жүгіну қажет. Тек архивтегі құжаттар ғана шындықтың бетін ашады», – дейді Арқалық өңірлік архивінің басшысы Сағидолла Байгенжин.

## Архив жұмысын ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету

2024 жылдың 9 айында 17 архивтік қордан 5193 бірлік, 293563 парақ сандық жүйеге көшірілді. Осы уақытқа дейінгі

дық құжаттардың санынан әлдеқайда асып түседі. Қағаз құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін орныққан нысандар мен әдістемелер қолданылады. Олардың бастыларына архив қоймаларының температуралық және ылғалдылық режимдерін сақтау жатады.

Сондықтан архив құжаттарын цифрландыру бұл бір уақытта бірнеше мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Венера ТҰРМАНОВА,  
архивист:

– Цифрландырудың уақыт үнемдеуге, құжаттарды сақтауға, сұраныс берушілерге қолжетімділікті арттыруда тигізетін пайдасы зор. Мәселен, бір құжат күніне 5-6 рет сұранымға түсетін уақыттар болады. Ол кезде архивисттер

тұрған құжаттар жиі ақтара бергесін тозады, мәтіні өшеді, тіпті қағаздың күйреп кететіні де бар. Ал, сандық жүйеге қосылған соң ең соңғы үлгідегі технологияларды қолданғанда кітапты сөгіп әуре болмаймыз, 1 минутта 150 –180 парақты цифрлы көшіріп беруге мүмкіндік береді.

Архив құжаттарын цифрландыру – елімізді өркендетудің жолы деп білеміз.

## Жоспарда жаңа ғимарат

Бүгінгі таңда өңірлік архивке жаңа ғимарат салу күн тәртібінде тұр. Құрылғанына 58 жыл болған мемлекеттік архив осы уақыттар ішінде тарихи деректі сақтауға лайық емес ғимараттарға 9 рет көшірілді. Жалға алған мекендерге миллиондаған қаржы төленуде.

Асыл қазыналарды сақтап отырған қара шаңыраққа құжаттарды одан әрі қабылдау және сақтау үшін арнайы архив ғимаратын салу мәселесі жоспарлануда. Архив ғимаратын салуға облыстық бюджеттен жобалық – сметалық құжаттарға 27 миллион теңге қаражат бөлінді. Қала әкімдігінің Қаулысымен қаланың Абай даңғылы бойынан архив салу үшін жер учаскесі де берілді. Осы мақсатқа 500 мың сақтау бірлігіне арналған архив ғимаратының құрылысына «Әсем Жоба Құрылыс» ЖШС эскиздік жоба дайындады. Қазіргі уақытта бұл жұмыстармен қалалық «құрылыс және сәулет бөлімі» айналысуда. Негізгі тапсырыс беруші облыстық құрылыс басқармасы.

Ұжым архивке жаңа ғимарат салуға атсалысқандары

дық архивті басқаруға мүмкіндік береді.

Электронды архивтің негізгі міндеттері еліміздің Ұлттық архив қорындағы құжаттарды жинақтау, тізімге алу, сақтау және пайдалану сынды архив қызметінің негізгі бағыттарын ақпараттандыру.

Архив құжаттарын цифрландыру электрондық пайдалану қорын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады. Электрондық пайдалану қоры – архивтік қордағы құжаттарды цифрлық тасымалдағашқа жазу және түпнұсқа құжаттар орнына электрондық көшірмелерінің жиынтығын жинау болып табылады. Электрондық пайдалану қоры құжаттардың қауіпсіздігін, құжатқа тиімді қол жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Өңірлік архивте «Мемлекеттік қызмет көрсету бөлімі», «Ведомствалық мекемелермен жұмыс бөлімі», «Құжаттарды қабылдау бөлімі», «Тіркеу бөлімі» және «Құжаттарды сақтау бөлімі» атты бес бөлім бвр. Ұжымда 13 адам жұмыс істейді.

«Қазір бізде архив құжаттарын цифрлық жүйеге көшіру бойынша 3 сканер жұмыс істеп тұр. Олардың бәрі де заманауи құрылғылар. Ең қымбатының құны 17 миллион 500 мың теңге тұрады. Мамандарымыз осы құрылғыларды пайдаланып архивте сақталған құжаттардың көшірмесін жасап, компьютерге енгізіп жатыр.

лық емес архивге жатады. Себебі, сонау 90 –шы жылдардағы қиындықтар кезінде бірқатар мекемелер құжаттарын тапсырмай кеткен. Сол себепті, адамдар зейнеткерлікке шыққанда немесе басқа құжаттар іздеген кезде қажетті құжаттар табылмай қалды. Ол біздің кінәміз емес. Уақытындағы басшылардың жіберген қателіктері. Соның салдарынан кейбір кісілердің жұмыс істеген өтілдері расталмай қалып отыр.

Архивіміздегі құжаттардың жүз жылдан астам тарихы бар. 1918 жылдан бастап документтер сақталған. Бізде 4 тілде құжаттар бар. Арап, қытай, ағылшын, орыс тілдеріндегі құжаттар есепте тұр. Ашаршылық жылдарындағы, ұлт-азаттық көтеріліс уақыттарындағы материалдар сақталған. Адамдар келіп, қажетті құжаттарын тауып көшірмесін алады.

Келушілер қатары көп. Олар көбінесе ата – бабаларының Ұлы отан соғысына қатысқан мәртебесін, құғын-сүргін жылдары «халық жауы» деп айып тағылған құжаттарды іздейді.

Негізінен архив ісіне немқұрайлы қарауға болмайды. Архивте Арқалық қаласының, бұрынғы Торғай облысының құжаттары бар. Елдің өткені мен бүгінгі, келешегі қатталып жатыр.

Кейінгі жылдары архив жұмысы БАҚ беттерінде жақсы насихатталуда. Президентіміз баса назар аударып

293563 парақ сандық жүйеге көшірілді. Осы уақытқа дейінгі жалпы саны 73 қордың, 21581 бірлік, 1096843 беттер сканерленген. Оның ішінде: аса құнды құжаттар 757 сақтау бірлігі 76 110 бет, фото құжаттар 185 сақтау бірлігі, 338 фото.

Архивтің толықтыру көздері болып табылатын қалаға қарасты мемлекеттік мекемелер саны – 45. Оның ішінде 1971-2022 жылдар аралығындағы ведомстволық сақтаудағы құжаттардың саны – 44048 іс, соның 42523 бірлігі сандық жүйеге енгізіліп, 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін 96,5 пайызға жұмыс жасалды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесінің жұмысы бойынша жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру тұрақты түрде жүргізілуде.

## Мекеме тірегі – білікті мамандар

Сағдат Садуова,  
архивист:

– Электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесі құжаттарды сақтаудың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, құжатты пайдалану тарихын, іздеудің ыңғайлылығы мен жылдамдығын бақылайды.

Қазіргі уақытта қағаз тасығыштардағы архивтік құжаттардың саны электрон-

сұранымға түсетін уақыттар болады. Ол кезде архивисттер кітапты сөгіп, арасындағы құжаттарды алып, көшірмесін жасап, қайта қорға өткізеді. Ұзақ жылдардан бері сақтауда

Ұжым архивке жаңа ғимарат салуға атсалысқандары үшін облыс және қала әкімдіктеріне алғыстарын білдіреді.

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ